Талдық негізгі орта мектебі

# 2024-2025 оқу жылының Іжартыжылдығы бойынша әлеуметтік педагогтің жүргізген жұмысы

Сейтимова Г.Р.

Талдық ауылы
2025 жыл

Scanned with CamScanner

Талдық негізгі орта мектебінің 2024-2025 І жарты жылдығы бойынша
әлеуметтік педагогтың жүргізген жұмысы

Мектебіміздің жылдық жоспарына сәйкес қамқоршысынан айырылған,аз қамтылған,көп балалы отбасы балаларын анықтау жұмыстары оқу жылының басында,яғни тамыз-қыркүйек аралығында жүргізілді.

«Мектепке жол» Республикалық акциясы мектеп оқушыларын жалпыға бірдей міндетті біліммен қамтамасыз ету мақсатында 2024 жылдың 1 тамыз-30 қыркүйек аралығында өткізіледі.

Қазақстан Республикасының әрбір азаматы халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларды мектепке дайындауда,атаулы көмек көрсетуде,азаматтық белсенділік таныта алады.Әрбір балаға шынайы қамқорлық пен назар аудара алады.

Акцияның мақсаты: аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға,жетім балаларға,сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу.Науқанға кез-келген адам қатыса алады:барлық азаматтар,еріктілер,бизнесмендер,кәсіпкерлер,меценаттар, және т.б.

Осы мақсатты басшылыққа ала отырып,Талдық негізгі орта мектебінде «Мектепке жол» Республикалық акциясының іс-шаралары жоспарына сәйкес жұмыс жоспары жасалды. Әкімшілікпен,ата-аналар комитеті мүшелерімен,мектеп мұғалімдерімен бірге отырып жиналыс өткізілді.Жиналыста бекітілген жоспарға сәйкес аз қамтылған отбасы және жартылай жетім балалардың ,көп балалы отбасы балаларының мектепке дайындығын анықтау тапсырылды.

Талдық негізгі орта мектебі бойынша көп балалы отбасынан-20 оқушы,11 отбасы анықталды.Мектепте 12 толық отбасы-23 оқушы,2 толық емес отбасы-2 оқушы оқиды. Өгей ата-ана тәрбиесіндегі оқушы жоқ.Қажетті құжаттар толық толтырылды.

«Мектепке жол»акциясына Қайрақты селолық округі бойынша барлық кәсіпкерлерге «Мектепке жол» акциясына қатысуға шақырылған «ашық хат» таратылып,хабардар етілді. «Мектепке жол»акциясына толық емес отбасынан шыққан 2 оқушыға Талдық НОББМ мұғалімдерімен,зейнеткер Казбекова Сансұлу қатысты.
Талдық НОББМ мұғалімдері-30000теңге,зейнеткер Казбекова Сансұлу-100000теңгеге демеушілік көрсетті.Демеушіліктен түскен барлық қаржы 130000 теңге.Арнайы тізім жасалып,қол қойылды.Мектепке қажетті заттарды ата-ана өздері сатып алды.





Scanned with CamScanner

Талдық НОББМ 2024-2025 оқу жылы бойынша қаржылық көмек алуға 1 ата-анадан Жұмағалиева А.М. өтініш түсті.Өтініш берілуге байланысты комиссия құрылып,үй-жайы тексеріліп,үйге кірілетін кіріс есептелді. Отбасы құрамында 8адам бар.Ата-анасы,2 бала -АГУ студентері,3 бала -мектеп оқушылары,1- МАД-та оқиды.Балалардың ата-аналары еңбекке қабілетті,екеуі де жұмыс жасайды және балаларға жәрдемақы алады.Отбасы кірісі жанға шаққанда шекті деңгейден төмен деңгейді көрсетті.Қосымша кіріс жоқ.Қажетті құжаттар жинақталды.Ата-анаға қосымша түсініктер беріліп, 3 балаға(Шарухия Ж.Н.- 9сынып оқушысы,Шарухия С.Н.- 7сынып оқушысы,Шарухия А.Н.-3 сынып оқушысы) қаржылай көмек берілуге шешім қабылданды.Қаржылай көмек беру тізіміне енді.Қаржылай көмек 3 балаға толық түсті.Қаржылай көмек ақша көлемінде сауда жасалынып,тізімделді.



Әрбір оқушының әлеуметтік картасы толтырылып,сынып жетекшілер сыныптың әлеуметтік құжатын тапсырды.Осы жұмыстар нәтижесінде мектептің әлеуметтік төлқұжаты жасақталды.Әлеуметтік төлқұжат бойынша АӘК алатын отбасы саны-0, аз қамтылған отбасы саны-0.

| № | Әлеуметтік санаттар | Саны | Пайызы |
|---|---|---|---|
| | Барлық оқушылар | 25 | 100 |
| | Отбасы түрі бойынша | | |
| 1 | Толық отбасылар | 12 | 86 |
| 2 | Толық емес отбасылар | 2 | 14 |
| 3 | Анасы жоқ балалар | 1 | 4 |
| 4 | Әкесі жоқ балалар | 1 | 4 |
| 5 | Көп балалы отбасы | 11 | 78,5 |
| 6 | Аз қамтамасыз етілген отбасы | Жоқ | - |
| 7 | Мүгедек балалар , мүмкіндігі шектеулі балалар | жоқ | - |
| 8 | Азаматтығы жоқ балалар | жоқ | - |
| 9 | Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар | Жоқ | - |
| 10 | Кәмелетке толмағандар ісі жөнінде бөлімде есепте тұрғандар | жоқ | - |
| 11 | Мектепішілік бақылау есебінде тұрғандар | Жоқ | - |
| | Ата-аналарының білімі | | |
| 1 | Жоғары.жоғары білімнен кейінгі | 2 | 14 |
| 2 | Техникалық кәсіптік | 5 | 36 |
| 3 | Орта | 7 | 50 |

7 қазан күні 2024жылы «Буфеттік тамақтану» бойынша сауалнама жүргізілді.Сауалнамаға 1-4 сынып бастауыш бойынша тамақтанатын оқушылардың

Scanned with CamScanner

7 ата-анасы қатысты.Сауалнама 7 сұрақтан тұрды.Ата-аналар төмендегі сұрақтар бойынша жауап берді.

Сауалнама тақырыбы: Сіздің балаңыз мектепте қалай тамақтанады?

Нәтижесінде:

1.Ата-ананың аты-жөні:

2.Сіз мектептегі тамактану сапасына канағаттанасыз ба?
а) иә + 100 % ә)жок б) кызык емес
3.Балаңыздың тамақтануы туралы ақпаратты қайдан аласыз?
а)Мектеп сайтынан ә)Сынып жетекшісінен +100 %
б)fhstgram парақшадан в)мәлімет алмаймын
4.Мектептегі тамақтануда сізге не ұнамайды?
а)Біздің отбасы үшін қымбат ә)Дәмді емес б)Тамақтану бөлмесі ыңғайсыз
в)Тағамдардың біркелкілігі г)Барлығы қанағаттандырады + 100%
5.Неліктен сіздің балаңыз мектепте тамақ ішпейді?
а)Сапасы ұнамайды ә)Бағасы қолжетімсіз? б)Мектепте тамақтанады + 100 %
6.Сіз мектептегі тамактануын бақылап,жоспарлағыңыз келе ме?
а)иә ә) жоқ + 100 %
7.Қазақстандағы мектептегі тамақтандыру стандарттар туралы білгіңіз келе ме?
а)иә + 100 % ә) жоқ

Ата-анаға қосымша мәліметтер айтылды.Тамақ 2 қыркүйектен бастап беріліп келеді.Аспаз дәрігерлік тексеруден өтілген.II ауысымда (2-4 сыныптар) 9 оқушы тамақтанатыны туралы айтылды.Ас мәзіріне сәйкес дайындалады.Тамақ өз уақытында берілетінін кезекші мұғалімдер мен ата-аналар,жауапты мамандар қадағалап отыратынын ескертілді.
Ата-аналар сауалнамаға толық катысты.Қалыс қалған ата-ана жоқ.Ата-аналар тарапынан тамақтану жөнінде қосымша сұрақтар туындаған жоқ.





16 қыркүйек 2024 жылы «Буллингке жоқ дей аласың ба?» 6 сыныпта сауалнама жұмысы алынды.Сауалнамаға 7 оқушы ( 100 %) қатысты.Сауалнама 10 сұрақтан тұрды.Сауалнама төмендегі мәтінмен берілді.

Қымбатты досым!

Сізден бірнеше сұрақтарға жауап беруіңізді сұраймыз. Әр сұраққа жауап бермес бұрын, барлық жауап нұсқаларын мұқият оқып шығыңыз және сіздің ойыңызша дұрыс жауапты дөңгелектеңіз.

Жынысыңызды таңдаңыз
ер
қыз
Сынып ___________Жасы ___________

1. Сіз "буллингтің"не екенін білесіз бе?
а) иә +100 %
б) жоқ
2. Сіз кейбір адамдардың басқаларды қорлау жағдайларына тап болдыңыз ба?
а) иә
б) ешқашан кездестірмегенмін +100 %

Scanned with CamScanner

в) басқа жауап________________________________

3. Олай болса, қандай формада:

а) қорлау
б)қорлау(ауызша агрессия)
в) физикалық зорлық-зомбылық
г) телефонға қорлағанды түсіру
д) кибеؘруллинг (интернетте қорқыту, қорлау және қорлау)
е) басқа жауап +100 %

4. Сіз өзіңіз қорлаудың, қорлаудың қатысушысы болдыңыз ба?

а) иә, бақылаушы ретінде;
Ә) иә, құрбан ретінде;
в) иә, агрессор ретінде (қудалаудың бастамашысы);
г) жоқ, болған жоқ (болған) +100 %

5. Қудалау қай жерде жиі кездеседі?

а) мектепте;
б) аулада,
в) әлеуметтік желілерде, интернетте;
г) басқа жауап +100 %

6. Сіздің көзқарасыңыз бойынша, кім қудалауға (буллингқа) жиі ұшырайды?

а) әлсіз және жауап бере алмайтын адам; +100 %
б) басқалардан ерекшеленетін адам (сыртқы, физикалық);
в) өз пікірі бар адам
г) басқа жауап ________________________________

7. Сіз мұғалімдер тарапынан мектеп оқушыларын қудалау жағдайларын кездестірдіңіз бе?

а) иә, үнемі
б) иә, бірақ сирек
в) жоқ, кездескен жоқ +100 %

8. Ересектер қорлаудың құрбаны болған балаларға жеткіліксіз көмектеседі деп ойлайсыз ба?

а) иә
б) жоқ+100 %
в) бұл туралы ойламадым

9. Сіз қалай ойлайсыз, мектепте қорлауды болдырмауға бола ма?

а) иә, егер ересектер уақытында байқаса; 100 %
б) иә, егер жәбірленуші мінез-құлқын өзгертсе;
в) ИӘ, Егер сіз агрессорды жазаласаңыз;
г) жоқ, ол сөзсіз; д) басқа жауап +100 %

10. Сіздің ойыңызша, білім беру ұйымында буллингті кім тоқтата алады?

а) әкімшілік
б) педагогикалық ұжым
в) ата-аналар
г) оқушылар
д) басқа +100%

Осы жауаптарға сүйене отырып қорытынды шығарылды . Мектебімізде бір-бірін бопсалауы, қысым көрсету болмаған. Сауалнаманы өткізетін алдында оқушыларға мысал келтіріп - бұзақы балалар әлсіздерге зәбір көрсетіп, ұялы телефондарын, аяқ киімдерін, киім-кешектерін тартып алдыма және үйінен ақша әкелуді талап ететіндер бар ма деп сұрақтарымызды қойдық. Соңында жасөспірімдердің бір-бірін бопсалауы, қысым көрсетуі құқық бұзушылыққа жатады, қылмыс үстінде ұсталса, ол адам заңмен жазаланады.

Мәселен жасөспірім сыныптасын бопсаласа, ақша талап етсе,10 АЕК көлемінде айыппул төлейді немесе қылмысы дәлелденсе 4 жылға дейін бас бостандығынан айырылады,-деп жәбір көрген адам Заңмен қорғануға болатынын түсіндірдік.

Шынайы күнделікті өмірден мысалдар келтірілді.

Мектепте жасөспірімдердің бір-бірін бопсалауы, қысым көрсетуі құқық бұзушылықтың алдын алу іс-шаралары үнемі өткізіліп тұрады.

Жұмыс жоспарында жыл бойы өткізіліп тұру жоспарланған.

 

25 қыркүйекте буфеттік тамақтану бойынша 2-4 сынып оқушыларынан сауалнама алынды.Сауалнамаға 9 оқушы қатысты,барлығы түгел қатысты.Сауалнамада 7сұрақ берілді.Сауалнама төмендегідей нәтижені көрсетті.

Сауалнама (оқушылар үшін)

1.Фамилиясы,аты-жөні

2.Мектепте тамақтанған ұнай ма?
а)ұнамайды ә)ұнайды + 100 %
3.Дайындалған ас дәмді ме?
а) дәмді + 100 % ә)дәмді емес б) кейде
4.Сусындар тәтті ме,әлде дәмсіз бе?
а)тәтті + 100 % ә) дәмсіз
5.Саған ұнай ма?
а)ұнамайды ә)ұнайды + 100 %
6.Ас бөлмесі таза ма?
а) иә + 100 % ә)жоқ
7.Тамақтанғандарыңды мұғалімдер қадағалай ма?
а) иә + 100 % ә) жоқ

Сауалнама нәтижесінен оқушылардың буфеттік тамақтануға ешқандай шағымдары жоқ.Ас мәзірі бойынша дайындалып, оқушыларға ұнайтыны, «қанағаттанарлық» дәрежеде екені білінді.

 



Scanned with CamScanner

16 қазан күні 2024 жылы «Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі» тақырыбында танымдық сабақ 2-4 сынып оқушыларына өткізілді.
Танымдық сабақ «16 қазан - Дүниежүзілік азық-түлік және дұрыс тамақтану күніне орай өткізілді.



Танымдық сабақ барысында оқушыларға дұрыс тамақтану ережелері,негізгі шарттары,диетологтар пікірі,дұрыс тамақтанудың адамға әсері туралы айтып өтті.Сабақта оқушыларға сұрақтар қойылып,пікірлер тыңдалды.Сынып оқушылары түгел қатысты.

12 қараша күні «Дұрыс және тиімді тамақтану» организмді дер кезінде жақсы әзірленген тағаммен жабдықтау тақырыбында 2-4 сыныптар арасында сыныптан тыс іс шара 4 сынып жетекшісі Қазыбекова Г.С. өткізді.

Мақсаты: 1.Дұрыс тамақтану,мезгілімен тамақтану туралы түсінік қалыптастыру;
2.Оқушылардың ой-өрісін дамыту;
3.Салауатты өмір салтын ұстануды дәріптеу.

Шара Данышпан атаның хаты арқылы жұмбақ шешумен басталып,мұғалім тақырыпқа сай оқушыларға түсінік берді.»Ашық микрофон» арқылы оқушылар сұрақтарға жауап беріп, «Көкөніс базары» ойыны ойналды.Сонымен қатар «Тамақтану бағдаршамы» ойыны арқылы өз білімдерін көрсетіп, «Жағдаяттарды шешу» ситуациялық сұрақтарға мән берілді.Есте сақтайтын ережелермен таныстырып, «Иә,жоқ» ойыны, «Уақыт шеңбері» бөлімінде оқушылар мақал-мәтел, тыйым сөздер туралы ойларын ортаға салды.Қорытынды бөлімінде: жалпы дұрыс тамақтану туралы айтылып,шара аяқталды.Оқушылар өз білімдерін көрсете отырып,дұрыс тамақтану туралы мағлұматтармен танысты. Оқушылар белсенді қатысты.



14 қараша 2024 жылы «Жақсылық жасауға кешікпе» тақырыбында әлеуметтік педагог

Сейтимова Г.Р. сыныптан тыс шара өткізілді.

4 желтоқсан күні биология пәнінің мұғалімі Арганатова Алмагүл «Fast food"тағамдарының ағзаға тигізетін зияны жөнінде 5-6 сыныптарға дөңгелек үстел өткізілді.

Мақсаты:Оқушыларға фастфуд өнімдерінің балаларға әсері,зиянды элементтері туралы түсінік берілді.Әлеуметтік желіге жүктелді.

5 желтоқсан күні әлеуметтік педагог Г.Сейтимованың 6 сыныпта «Дүниежүзілік еріктілер» күніне орай «Қоғамға қызмет,жас ұрпаққа міндет»тақырыбында сыныптан тыс шара өткізілді.

6 желтоқсан күні2024 жылы әлеуметтік педагог Г.Сейтимованың 2024 жылы 5-9 сыныптар арасында «Өрт қауіпсіздігін алдын алу шаралары және ұйымдастыру» тақырыбында сыныптан тыс шара өткізілді.
Жалпы «Қауіпсіздік ережелері» туралы мәліметтермен таныстыра отырып,өрт қауіпсіздігіне ерекше мән берілді.
**Білімділік:** *Өрт қауіпсіздігі мен өрттің алдын алу шараларын ұйымдастыруды үйретіп өртті сөндіру дағдыларын қалыптастыруды үйрету.*
**Тәрбиелік:** *Маман ретінде жауапкершілікке тәрбиелеу*
**Дамытушылық:** *Электр қондырғыларында өрт қауіпсіздігін сақтай өз қабілеттерін дамыту.*
Сабақтың түрі: танымдық сабақ
**Көрнекілігі:** *Слайд, плакат, бейнеоролик.*
Өрт сөндіруге қолданылатын материалдар мен құралдар, технологиялық процестерді ұйымдастыру, өртті алдын алу шаралары және өрт қауіпсіздігін жетілдіру жолдарымен объектіні өрттен қорғауды ұйымдастыру.

1. Өрт қауіпсіздігі
2. Өрттің шығу себептері
3. Өрт дегеніміз.
4. Өрт сөндіргіш құралдары
5. Өрт сөндіргіш

1. Өрт сөндіру қалқанының құрамы
2. Өрттің алдын алу шаралары
3. Жануды тоқтату әдістері
4. Терминдермен анықтамалар

*Шара барысында сөзжұмбақ шешіліп,өрттің алдын алу шаралары туралы айтылып,тест(сауалнама) жұмысы орындалды.*
*Шара сұрақ - жауап ретінде қорытындыланды.*
Өрттің алдын алу үшін не істейміз?
Ұйымдастыру шараларына нелер жатады?
Техникалық шараларына нелер жатады?
Жануды тоқтатудың қандай әдістері бар ?
Көбікті өрт сөндіргіштер қандай жағдайда қолданылады?
Тест(сауалнамаға) 5-9 сынып оқушыларынан 16 оқушы қатысты.Сауалнама төмендегідей нәтижені көрсетті.

**Тест(сауалнама) жұмысы.**

**1.Өрт сөндіру қызметін шақыру үшін не істеу керек**
А) ешнарсе
Б) ***101 хаб-мыз + 94 %***
В) 112 хаб-мыз

**2. Үйде отырғанда, сіз күйген сымның иісін сездіңіз, сіздің бірінші іс-әрекетіңіз**
А) оны тез сумен сөндіресіз
Б) *оны тоқтан ажыратасыз + 100 %*

В) светті жағып, жанған жерді қарап шығасыз

3. **Жанып жаткан бензинді немесе майларды немен сөндіруге болмайды**
   А) ***сумен + 100 %***
   Б) құммен
   В) өрт сөндіргішпен
4. **Сіз оттың кесірінен үйден шығалмай қалдыңыз не істейсіз**
   А) ***еңбектеп жүріп, басқа бөлмеге барып есікті жауып қоямыз + 100 %***
   Б) шығып кетуге тырысамыз
   В) соңғы бөлмеге тығылып қаламын
5. **Көпқабатты үйден өрт шықты, шығып кету үшін лифтті қолдануға болама**
   А) болады, үйден тез шығу үшін
   Б) болады, егерде лифт мен тұрған этажда тұрса
   В) ***қолдануға тиым салынады*** + 100 %
6. **Күйіп қалған кезде не істеу керек**
   А) ***Күйген жерді мұздай сумен салқындатамыз + 100 %***
   Б) Жақпа май жағамыз
   В) Күйген жерді кесіп алып тастаймыз
7. **Есіктің арғы бетінде өрт шыққанды қалай анықтаймыз**
   А) есікті ашып көреміз
   Б) үлкендерді шақырып көреміз
   В) ***есікті алақанмен ұстап көреміз + 100 %***
8. **От жағуға арнайы орын тандаймыз**
   А) Шөп қоймасы
   Б) Ағаш қоймасы
   ***В) Ашық жазықта + 100 %***
9. **Қатты түтеп жанған ортадан қалай шығу керек**
   А) жүгіріп шығамыз
   Б) Айнадан секіріп шығамыз
   В) ***басты еңкейтіп, аузымызды дымқыл матамен жауып шығамыз + 100 %***












25 желтоқсанда 7-8 сыныптар арасында «Денім сау болсын десең» спорттық сайыс дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Ж.Ізбасаров өткізді.
Жаңа Жыл шыршасына әр сынып қабырға газетін шығарып,мерекелік номерлер дайындады.
2-9 сыныптардың ата-аналары демеушілік жасап,балаларына сыйлық дайындады.

Scanned with CamScanner